

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті**  
**ректорының 2018-2019 оқу жылы бойынша**  
**ЕСЕБІ**

Нұр-Мұбарак университеті 2018-2019 оқу жылында Қазақстанда және Орта Азияда орта исламды оқытудың үздік білім ордасы болуды жүзеге асыру мақсатында білім беру, ғылыми-зерттеу, уағыз-насихат және қоғамдық іс-шараларға байланысты, төмендегідей жұмыстарды атқарды:

1. Бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде оқу әдістемелерін және оқу пәндерін жетілдірілді. Жаңа оқу бағдарламасы Білім және ғылым министрлігіне жіберілді. 2019-2020 оқу жылында білім беру осы жаңа бағдарламамен жүргізіледі;
2. Университетте экстремизм мен терроризмге қарсы күрес орталығы ашылып курстар жүргізілді. Экстремизм мен терроризм құбылысының Отанға және дінге қауіп-қатерін түсіндіру мақсатында кездесулер ұйымдастырылды. Қазақстан мен Египет үкіметі осы зиянды құбылысты қарсы тұруға, жоюға үлкен көңіл бөлуде;
3. Соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған ағылшын, араб, қазақ және орыс тілдерін үйрететін SmartClass кабинетін іске қосу;
4. Университетке түсуге студенттерді даярлайтын Ақтөбе және Шымкент қалаларында екі дайындық курсы ашу. Бұл өз кезегінде университетке оқуға түсетін студенттердің санының артуына септігін тигізеді;
5. Египет мәдени орталығымен біріге отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Абылай хан атындағы университеттің студенттеріне араб тілін үйрету курсы өткізу;
6. Египет мәдени орталығының қатысуымен Қазақстан қоғамындағы айтулы күндерге сәйкес көптеген ғылыми және мәдени іс-шаралар өткізу;
7. «Қоғам дамуындағы жастардың рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Конференцияны ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Марат Әзілханов және ЕАР Уақыптар вице-министрі Сеид Абделбари ашты.
8. Уақыптар министрлігінің нұсқауы бойынша және университетіміздің миссиясына сәйкес Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) ұлы тұлғалық қасиеттерін, көркем мінезін, бейбітшілікті орнатудағы жолын таныту мақсатында уағыз-насихат жүргізу;

9. Алматы қаласындағы және кейбір басқа облыстарда, бірқатар қазақстандық университеттерде университет ректорына шақыру негізінде іс-шараларға қатысу. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін тойлау, Павлодар облысындағы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы университетімен бірге білім беру жоспарларын дамыту, өзге университет студенттерімен кездесу, Құран Құран жарыстары.

10. Ислам экономикасы және банктері орталығы ашылды.

**Университет ректоры**

**Мухаммед әл-Жинди**